ЖЫЛАН - БАЙЛЫҚ пен ДАНАЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Қазақша тағы бір жыл басталды. Жыл аты – Жылан. Бұл жылда еліміз үшін қандай сынақтар бар? Жалпы әлем тыныш па? Қазіргідей жаһандану жағдайында бір елде болып жатқан жағдайдың өзге елге әсері болатыны сөзсіз. Осы ретте жұлдызшылардың, сарапшылардың жыл туралы жазбаларын жариялап отырмыз.

Нумеролог, аналитик Құралай БАҚЫТ :

– Қытай жұлдызнамасы бойынша жылан жылының стихиясы – ағаш. Ағаш бізде әрқашан баяу өседі. Былтыр болжам жасағанда жыл ақырын өтеді дегенде көп адам таңғалды, алайда сағат жылжыды. 2025 жылдың бірінші жыртыжылдығында сағат әлі де осы бағытта қалады деп ойлаймын. Жыл асықпай, бірсарынды, баяу өтетіндіктен, әлемде соғыс тоқтауы да мүмкін. Екінші дүниежүзілік соғыс тоқтаған 1945 жыл да ағаш жылы болатын. Яғни, бұл – адамдардың жүргізген келіссөздері, арман, мақсаттары мен жоспарлары сәтті жүзеге асатын жыл. Адамдар тарапынан қайырымдылық жасаушылар көбеюі мүмкін.

ЭКОНОМИКА ӨСЕДІ

Еуразиялық даму банкі сарапшылары биылғы жылы Қазақстан экономикасының өсімі 5,5 процент деңгейінде болады деп бұрынғы болжамдарына өзгеріс енгізіпті. Оған мемлекеттік бастамалар мен шетел инвестициялары ықпал етеді екен. Банк сарапшылары болжамы бойынша биылғы жылы 2024-пен салыстырғанда барлық көрсеткіш жақсарады. Экономика 5,5% өседі; инфляция бір процентке баяулап, 7,3% дейін төмендейді; базалық мөлшерлеме 1,75 процентке азайып, жылдың соңына дейін 11,25%-ке түседі;

Сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтері өседі. Тұтынушылық кредиттердің саны да артады. Әрине бұның барлығы инфляцияны жылдам төмендетуге кедергі болады.

Жылан жылы көп адам шет тілін үйренуге ниет етеді. Сондай-ақ көп адамның ана тілімізді үйренуге қызығушылығы оянады. Үкімет тарапынан осындай бағдарламалар қолға алынуы мүмкін. Жалпы, жылды оқу, білім және шет тілі деп атауға болады. Жоғарыда айтқанымдай білімін шыңдап, біліктілігін арттыратын, әртүрлі курстарға баратын кезең болмақ. Адамдардың өз миссиясын табатын уақыты келді.

Өткен 2024 жылдың саны – 8, материалдық жыл болса, биыл рухани дүниеге басымдық беріледі. Адамдар рухани өсуге ұмтылып, кітап оқушылар саны артады. Шығысқа кім бағыт алады, сол адам ұтады. Өйткені ағаш стихиясының бағыты – шығыс. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр Қытайға жасаған ресми сапары барысында 2024 жыл – Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы деп жарияланған болатын. Блогерлер, одан бөлек көп қазақстандық Қытаймен сауда-саттық орнатып, өсті, байыды. Осы жылдары шығыс елдері әлі де байлықтың көзі болып қалады. Қытай масштабты түрде машиналарын шығарды. Техникаларымен әлемдік нарықты жаулай бастады. Сондықтан Қытаймен жұмыс істейтіндер үшін сауда, байлық, табыс жылы болмақ. Былтыр Президент осыған «көпір» салды, биылғы жылы да осы мүмкіндікті пайдаланып қалу керек. Қазақстан мен Қытайдың арасындағы тығыз қарым-қатынастан бөлек, Жапонияда чиптеу дамиды, өйткені 2026 жыл жасанды интеллект жағынан өте үлкен прогресс әкеледі. 2025 жылы соған алғашқы қадамдар жасалады. Дегенмен жыл – консервативті жыл. Мұғалімдердің, дәрігерлердің, ғалымдардың, экологтардың жылы, сондықтан олардың жалақысы көтерілуі мүмкін. Жылан жылы көгалдандыру жұмыстары көп жүргізіледі. Жасыл энергетикаға көбірек мән беріледі. Сонымен қатар денсаулық жақсаратын, халықтың қаржылық сауаттылығы артатын жеңіл жыл болмақ. Бұл жыл да еліміз үшін де жаман болмайды. Көп адам 9 санынан қорқып жатыр, алайда табиғи апаттар қай жылда да қайталанып тұрады. Одан қашып кете алмаймыз. Жер сілкінісі азайғанымен, қыс жылы болатындықтан көктемде келетін судан абай болу керек. Өткен жылы 8 саны гравитациямен кірген болатын, сондықтан жыл жер сілкінісі, су апатымен басталды. Жаңа жылдың стихиясы ағаш та көктем энергиясы сияқты кіреді, сондықтан көктем ерте шығады. Осы ретте су апаты, әрине, болады. Сондықтан үкімет ертерек қамдануы керек. Осыдан бір мүшел алдын 2013 жылы жылан жылы болды. Сол жылға анализ жасасақ, өте жақсы, табысты жылдардың бірі болған екен. Бұл экономика көтерілетін, халықта жақсы өзгерістер болған, инфляциядан шыққан жыл екен. Жылан – байлық пен даналықтың белгісі. Осы жылы көп адам сандығын ақшаға толтырып, жинап, табыс тауып, қалтасын қалыңдатады. Қарызы көптер біразынан құтылып, еңселерін көтереді деп ойлаймын.

Астролог Ерлан МҰҚАШЕВ:

– 2025 жылы әлемдік геосаясатта көптеген өзгеріс болуы мүмкін. Бұлай ойлауға себеп те жоқ емес, әртүрлі континентте саяси жағдай ушығып тұр. Жағдай күрт өзгеріп, біз күтпеген жайттар бола ма деген қауіп бар. Елдер арасындағы қақтығыстар келіссөзбен шешілуге таяу деген болжам жиі айтылады. Әр тарап өзінің мүддесі мен халықаралық аренадағы беделін пайдалануға барын салып отырғанын көріп отырмыз. 2025 жылдың алғашқы жартысында шиеленістің негізгі күрмеуі тарқайды деп ойлаймыз. Қазір ахуал соған келе жатыр. Астрологиялық болжам жасасақ, бүкіл әлемді шарпитын үлкен қақтығыс болмайды. Мүмкін, бір-біріне доқ көрсетіп, өзінің мықты екенін дәлелдеуге барын салады, шиеленістің соңы сонымен аяқталар деген үміт басым. Қақтығыс ошағын тұтатқан кез келген елдің қайсысы басым түсерін уақыт көрсетеді. Әлемдегі түрлі соғыстар халықаралық ұйымдардың, беделді, экономикасы мығым елдердің араласуымен тоқтайды деп ойлаймын. Қақтығыстардан әр тарап өзіне керегін алады, зиянын да, пайдасын да көреді. Кез келген әскери қақтығыстың әлем үшін де, тікелей қақтығысқа қатысушы елдер үшін де оңайға түспейтіні белгілі. Экономика құлдырап, инфляция күшейіп, тауар айналымы шектелетінін, санкциялар салынып, ірі компаниялардың жағдайы нашарлайтынын көріп отырмыз. Мұндай жағдайлар екі тараптың ғана емес, барша әлем елдерінің дамуына кесірін тигізеді. Таяу болашақта қақтығыс экономикалық бәсекеге ұласады деген тұжырым күшіне еніп келеді. Осының бәрі айналып келгенде әлем назарын Тынық мұхиты мен Таяу шығыс аймағына аударып, Қытай мен АҚШ-тың прокси-қақтығыстарына ұласуы мүмкін.

1990-2000 жылдар аралығында АҚШ біздің Каспий аймағына өз базасын салуға ұсыныс білдіргенде бас тартқанымыз тарихи шешім болды. Міне, біздің аймағымыз жанжал ошағына айналған жоқ. Кезінде АҚШ әскери базасын салуға рұқсат берген елдер көп зиян тартты, ірі империялардың ортасында қалып қойды. Империялар арасындағы өзара бақталастық бұрыннан жүріп келеді. Олар бірін-бірі алыстан барлайды. Мұндай сәтте көбінесе дамушы елдер, шағын мемлекеттер, қару-жарағы мен экономикасы әлсіз халықтар көп зардап шегеді. Ірі державалар алдағы 10 қадамын алдын ала ойлайды. Көршілес елдерде жүріп жатқан қақтығыстар бізге сабақ болуы керек. «Ақырын жүріп, анық басуға» тиіспіз.

Астрология бойынша қарапайым тілмен айтсақ, әлемде есею кезеңіне өту басталады. Бұл кезеңде адамның гормондары өзгереді. Аталмыш цикл баланың жасөспірімдік шаққа өтуі немесе ересек адамның қарттық кезеңге қадам басуы секілді. Бұл адам өмірінде ғана емес, планеталар арасында да болады. Міне, қазір адамзат жаңа кезеңге қадам басып жатыр. Соған сай әлемдегі геосаяси жағдай да өзгереді. Сондықтан 2025-2026 жылдар – өзгерістер жылы деуге толық негіз бар. Бұл өзгерістер 2023 жылдан басталған болатын, қазір енді жайлап тынышталып, бірсарынды кезеңге аяқ басып келеміз. Ғаламның осы тәртібіне бағынбаған елдер құлдырайды, бағынған мемлекеттер гүлдене бастайды.

Қазақстанға сыртқы жаудың қажеті де жоқ, біздің жалпы ұйымдаса алмауымыз, тиімсіз шешімдеріміз бізді дағдарысқа ұшыратуы мүмкін. Сондықтан сыртқы жаудан гөрі осыдан қорқуымыз керек. Әлем елдерімен қатар Қазақстанда да климаттық өзгерістер орын алуы мүмкін. Осы ретте қаржыны қорғаныс саласынан Төтенше жағдайлар министрлігіне бұру керек. Әрине, қаражат жеткілікті болса қорғаныс саласына да бөлгенге не жетсін, алайда бюджет жетіспеушілігі кезінде төтенше жағдайды қамтамасыз еткеніміз дұрыс шешім болмақ. Өйткені бізге төтенше жағдайлар бойынша табиғи апаттардың салдарымен күресуге тура келеді. Ресей аумағында биыл тағы су тасқыны болуы мүмкін, өзіміз білетіндей Ресейді су басса, бізге де келеді. Биыл жетпеген су, келесі жылы жетуі мүмкін. Бұдан Ресей де, Қазақстан да зардап шегеді. Сондықтан алдын алу шараларына мұқият қарап, дамбалар салып, құтқару техникаларын дайындап, инженерлік құрылыс жұмыстарына назар аудару керек.

Қорыта айтсақ, соңғы 10 жылда атқарылған жұмыстар ептеп нәтижесін бере бастады. Тиімсіз, нашар жасалған жұмыстар мен жобалар да бар, алайда ашық ақпарат көздерін сараласақ, атқарылып жатқан жақсы істердің көптігіне көзіміз жете түседі. Бүгінде бұрынғыға қарағанда Үкіметтің жұмысы да 50 пайызға тиімді бола бастады.

Әлеуметтік желіден

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№12 (1767) 27 наурыз 2025 жыл Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

ӨНЕРДЕ ШЕКАРА ЖОҚ...

Биылғы жылдың наурыз айының 24-27-сі аралығында Наурыз мерекесінің тарихи және мәдени маңызын түсіндіру, әлем жұртшылығына таныстыру мақсатында Еуропаның Финляндия, Эстония және Испания мемлекеттерінде Қызылорда облысының өнер күндері өтуде. Өнер сапарын аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың қолдауымен, Қазақстанның Финляндиядағы, Эстониядағы және Испаниядағы елшіліктері ұйымдастырды.

Бұған дейін аталған елдерден инвестиция тарту мақсатында кәсіпкерлер арасында кездесулер өткен болатын. Арадағы экономикалық байланыстарды осы мәдени іс-шара бекіте түсті.

Қызылорда облысының Еуропа мемлекеттеріндегі өнер күндерінің алғашқы концерті «NAURYZ – CELEBRATION OF SPRING» атауымен Финляндияның Хельсинки қаласында өтті.

Іс-шараны Қазақстанның Финляндиядағы Елшісі Азамат Әбдраимов ашып, сахна төрінен осы мерекелік кешке қолдау білдірген Нұрлыбек Машбекұлына арнайы алғысын жеткізді. Концертті Еуропаның 10 мемлекетіндегі елшілер, дипломаттар, Финляндияда тұратын қазақ диаспорасы, білім алушы студенттер мен фин халқы, барлығы 500-ге жуық көрермен тамашалады.

Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен ұлттық өнерін ұлықтаған Қызылорда облыстық филармониясы дәстүрлі ән-жырды әуелетті.

Финляндия халқы ғасырдан ғасырға жеткен эпостық жырларын, сәулет және бейнелеу өнері туындыларын мәдени мұра ретінде құрмет тұтады.

Күн мен түннің теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік қайта түлейтін Табиғат мерекесіндегі концертінің шымылдығы «Жарапазан» жырымен түрілді. Еуропалық көрерменге қазақтың дәстүрімен шашу шашылып, «Тойбастар» шырқалды. Наурыз-думанға қатысқан қала тұрғындары мен қонақтары, диаспора мүшелері, қазақстандық және шетелдік студенттер ұлттық музыкамен және дәстүрлермен тереңірек танысуға мүмкіндік алды.

Ұлттық музыканың ұлы жауһарларын төрткүл дүниеге танытып жүрген «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, Сыр елінің өнер майталмандары Руслан Ахметов, Шолпан Биімбетова, Самал Байсейтова, Ақмарал Ноғайбаева, Марат Сүгірбай, айтыскер-ақын Мұхтар Ниязов, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Бағдәулет Қарғабаев, Сымбат Тасбергенова, Мағжан Аманжолов, Ақылбек Табынбаев, Тоқтар Ағыраев, Ақнұр Аманбаева, Сәбит Ділдабаев, Алмас Әлжанов, Заманбек Нысанбаев, Арман Төлеш қатысып, өнер көрсетті.

Гастрольдік сапар аясында көрерменге концерттік бағдарламалармен қатар қазақтың ұлттық тағамдары мен ұлттық нақышта жасалған сый-сияпаты ұсынылды. Еуропалық көрермендер таным мен тағылымға бай кеш сыйлағаны үшін сырбойылық өнерпаздарға алғыс білдірді.

Кейінгі жылдары Қызылорда облысының өнер күндері Астана мен Алматыда зор табыспен өтті. Сондай-ақ, Сыр өңірінің шығармашылық ұжымдары Еуропа елдеріне гастрольдік сапармен бірнеше рет барды. Осы жолғы сапардың тағы бір мақсаты - шет елдердегі шығармашылық ұжымдармен тәжірибе алмасу.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

НҰРХАН ЖӘЛИЕВ

Тарихи тұрғыда Сыр бойы – әлемдегі өркениет ошақтарының бірі. Олай болса неге Сыр өнері мен мәдениетін күллі әлемге танытпасқа!!! Құтты болсын. Жалғасын таба берсін.

АЗИЗА ІЗДІҚҰЛОВА

Көрермен ықыласы керемет болды. Сахнадан жібермеді. Ол жақтағы қандас бауырларымыздың төбесі көкке жетті десек артық емес. Үлкен жауапкершілік қой, ол жақта қай өңірденсің демейді. Қай мемлекет, қандай ұлт деп сұрайды. Жергілікті халық ұлттық өнерге сұмдық қызығады екен. Киімдерімізге, әшекей бұйымдарымызға, аспаптарымызға, шығармаларымызға қызығушылық басым болды. Таңқалып жүр.

Сценарийге аударма жасатқанда өзімізге тән жанрларымызға анотация жасатып алған едім. Мысалы жыр, күй, айтыс, күй айтыс, ән айтыс, шашу, той бастар деген сияқты. Жақсы боп кетті. Сонымен қатар домбыра, қыл қобыз, жетіген, сазсырнай, сыбызғы, шертер, шеккілдек деген аспаптарымыздың дыбысын тыпыр етпей отырып тыңдады.

Жалпы өнерде шекара жоқ деген рас қой шіркін. Сыр өнері жасай берсін! Аймақ басшысының қолдауы, әйтпесе өз қазанымызда қайнап жүре береміз ғой. Сыр таланттары аман болсын!

ФБ парақшаларынан

ҚҰРЫЛЫСҚА БАҚЫЛАУ КӨП...

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық мәслихат төрағасы, аппарат басшысы, қала әкімі құрылыс нысандарын аралап шықты.

Алдымен «Жаңадария», «Сыздық», «Шіркейлі» каналдарындағы көпірлерді қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. «BSJ инжиниринг» ЖШС «Жаңадария» каналындағы көпірді жаңғыртуда. Осы көпірмен тұрғындар «АвтоЦонға», «Қорқыт ата әуежайына» Амангелді, «Бесарық», «Иіркөл», «Қоғалыкөл», «Жетікөл», «Айдарлы» елді мекендеріне, қала маңындағы саяжайларға қатынайды. «Сыздық», «Шіркейлі» каналдарындағы жұмысты «Жылу 21» ЖШС қолға алған.

Сонымен қатар, 13,5 шақырым автокөлік жолын төрт жолақты етіп қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы қаралып, құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда құрылыс аймағы қоршалып, каналдың арнасына су өткізу құбырлары салынды.

Одан кейін "Өнер орталығындағы", Н.Бекежанов атындағы драма театрдағы, Шығармашылық-инновациялықтағы жұмыс барысы сараланды. Аталған орталық қолданысқа берілгеннен кейін балаларға спорттық-сауықтыру, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану бағытта қызмет көрсетеді. Волейбол, баскетбол, футбол, воркаут алаңдарында, соңғы үлгідегі бассейнде жаттығу мүмкіндігі жасалады. Әрі қарай 2023 жылы Индустрияландыру картасына енгізілген нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешенінің құрылысымен танысты. Жоба бастамашысы «Қызылорда Нан» серіктестігі 3,8 млрд. теңгеге аумағы 6166 шаршы метр нысан салуда.

Қалалық мәдени және демалыс паркінде кең көлемді абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Демонтаж жұмыстары толық аяқталып, субұрқақтардың орны дайындалуда. Сонымен қатар кірпіш, шыны зауыттары, жаңа стадион, физика-математика мектеп-интернаты, облыстық тарихи-мәдени мұра орталығы, музыкалық колледж ғимаратының құрылыс барысы да назардан тыс қалмады.

«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» КММ-І АРҚЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда қала әкімдігінде тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 5 дара тізімдері бойынша 26138 отбасы кезекте тұр.

Қазіргі таңда «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызметін көрсету **«Kezekte.kz» ақпараттық жүйелер платформасындағы «Shanyraq» ақпараттық қызметінде жүзеге асырылуда.**

Қазіргі таңда **«Kezekte.kz» «Shanyraq» Тұрғын үй кезегі» порталы** арқылы үй алу кезегіне тіркелу үшін өтініш беруге толық мүмкіндік бар.

Солай дегенмен де, қазіргі таңда халық арасында алаяқтық фактілері жиі орын алуда.

Осы орайда Қызылорда халқын алданбауға, нақты ақпаратты тұрғын үй инспекциясына келіп білуге шақырамыз. Тұрғын үй кезектілігі тек қана сайтта электронды жүретінін, бірыңғай ұлттық базаға енгізілгенін, жыл сайын кезек реттілігі баспасөзде жарияланып тұратынын назарға алуды сұраймыз.

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына 2024 жылдың 24 қарашасында енгізілген өзгерістерге сәйкес 2025 жылдың 24 мамырынан бастап, тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойыншаҰлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі -Отбасы банк-Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюды жүргізетін болады.

Бұл ретте Тұрғын үй инспекциясы бөлімі ҚР азаматтарын, қандастарды бірыңғай республикалық электрондық базаға тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюды «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасы қолданысқа енгізілген кезге дейін ғана жүзеге асырады.

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тағы бір түрі, ол «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет. Аталған қызмет түрі «E-QAZYNA» порталынында ЭЦҚ қол қою арқылы электронды форматта жүзеге асырылады.

2024 жылдың 24 қарашасында ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 13 бабына өзгерістер енгізіліп, осыған дейін мемлекеттік тұрғын үй қорынан жекешелендіру құқығынсыз берілген тұрғынжайларды жекешелендіруге құқық берілді.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайлар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 673 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидалары» аясында жекешелендіріледі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында азаматтық белсенділікті танытып, тұрғын үй саласында мүмкін болатын мемлекеттік қызметтерді портал арқылы электронды түрде алуға шақырамыз.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ- ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢНІҢ МАҢЫЗДЫ ТАЛАБЫ

Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жекеше турде олардың құқықтарын, бостандықтары мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:
1)көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;
2)Мемлекеттік корпорация арқылы;
3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген тізілім негізінде 5 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп, не бөліп төлеу арқылы сату»
2. «Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»
3. «Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»
4. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»
5. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».

2024 жылдың 12 айында -28 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту және Сауда – саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу Қанағаттандырылғаны- 19, қалған 9- қызмет көрсетуге дәлелді себептермен бас тартылды.

Белкөл кенті әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға ыңғайлы үнемі жағдай жасау болып табылады.

Н.КУАНЫШ
Белкөл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша» 2024 жылы «Белкөл кенті әкімі аппараты» КММ-сі қызметкерлерімен 4-отырыс, қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп 1-дөңгелек үстел, 1- кездесу өткізілді. БАҚ-на және әлеуметтік желіге «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ БАСТЫ МІНДЕТ» атты мақала жарияланды.

«Сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдерін» анықтау және жою бағытында да тиісті шаралар атқарылуда. 2024 жылдың 23 сәуірінде «Белкөл кенті әкімі аппараты» КММ-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп, талдау негізінде анықталған тәуекелдерді жою бойынша ұсынымдар жолданды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Осы мақсатта кент әкімшілігінің қызметкерлеріне қызметтен тыс уақытта әдеп кодексінің нормаларын қатаң сақтау керектігі ескертілді.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Ж.СӘДУ
Белкөл кентінің әкімі

ЕҢБЕГІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ-ӨНЕГЕ

1968-ші жылдан 1990 жылдар аралығында Арал теңізінің өзінің негізгі жер жағалауынан 100-150 шақырымға дейін қайтып, теңіздің бұрынғы су жатқан табанын тұзды ұлпалар мен құмдардың басуы Арал экологиясы мәселесін әлемдік деңгейге көтерді.

Арал экологиясының адам денсаулығына әсерін жақсарту мақсатында Мемлекет басшысы теңіздің құрғаған табанында биылғы жыл соңына дейін жалпы аумағы 1,1 млн. гектар жерге орман мелиорациялық екпелер егуді тапсырды.

Осы ретте “Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау” мекемесінің орманшылары тынымсыз еңбек етіп келеді. Мекемедегі әрбір орманшы орман мелиорациясы жұмыстарын атқаруда.

2015-ші жылдың наурыз айынан бастап осы мекемеге қарасты орманшылық басшысының көмекшісі болып қызмет атқарып келе жатқан Ә.Серікбай бірыңғай Арал теңізінің құрғаған ұлтанында жұмыс жасауда.

2021-ші жылдан бастап 2023-ші жылға дейін теңіз табанында 544,5 мың гектар, 2024-ші жылы 275 мың гектар алқапта орман мелиорациялық жұмыстары орындалды. Енді биылғы жылы 250 мың гектар жерге фитоорманмелиорациялық жұмыстары жүргізіледі десек, осы жұмыстардың барлығына Ә.Серікбай өз үлесін қосуда.

Әрине, ол өз еңбегі арқылы шаңды және тұзды дауылдарға, аймақтағы экологиялық ахуалдың бұзылуына тосқауыл қоюда. Ол өзінің әріптестерімен бірге топырақтың құнарсыздығының алдын алумен қатар оның құнарлылығын арттыруға да, сондай-ақ Арал теңізінің құрғаған табанындағы өсімдіктердің түрін көбейтуге үлес қосуда.

Орманшының еңбегі көзге көрінбейді. Алайда оның қызметінің айнала ортаны сауықтыруда, адам денсаулығын жақсартуда пайдасы ұшан-теңіз. Мектепте жалпыға бірдей орта білім алғаннан кейін Шучье қаласындағы колледжді “орман және орман-бақ шаруашылығы” мамандығы бойынша бітірген ол өз білімін, тәжірибесін, біліктілігін Арал өңірінің микроклиматының жақсаруына арнап келеді.

Бүкіл әлем назар аударып отырған Арал экологиясын сауықтыруға бағытталған маңызды жобаның жүзеге асуына үлес қосып жатқанын мақтан ететін ол әр кез өз жұмысына жауапкершілікпен қарап, міндетін адал атқарып келеді. Содан да ұжымы оны мақтан етеді. Жұмыстың ауыртпалығынан қашпайтын ол сындарлы сәттерде қиындықтарға төзім танытып, ыстық, суыққа қарамастан еңбек етіп келе жатыр. Ұжымда беделді болумен қатар отбасында асыл жар, ардақты әке.

Адал еңбек еткен жанның баршасы, қай кезде де құрмет төрінде. Еңбекті ұлық еткен біздің қоғамда Әлім Мырзабайұлының да еңбегі көпке үлгі, өнеге.

“АРАЛ ОРМАН ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ” МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегі біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, әлеуметтік экономикалық қарыштап дамуды тежейтіні баршаға мәлім. Біздің елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде . Оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясынды жемқорлыққа қарсы іс әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бепте-бет келеді. Сондықпан кез-келген ортада пар беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» №9986 Жарлығына сәйкес кент әкімі аппараты Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын түсіндіру және құқықтық оқыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында жиналыстар өткізіліп тұрады.Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында Белкөл кентінің әкімшілік ғимаратында 26-83-35 сенім телефоны орнатылып, лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне шағымдар мен арыздар үшін жеке және заңды тұлғаларға арналған жәшік орнатылған.

Сыбайлас жемқорлық - бұл-індет, ол бір күнде шеше салатын мәселе емес. Бұл індетті тек мемлекет ғана емес, бүкіл ел болып жұмылғанда ғана жеңуге болатыны анық.

Жемқорлықпен күрес ең алдымен адами фактордың таным-түсінігіне , рухани кемелдігіне байланысты. Әрбір азамат және әрбір мемлекеттік қызметші қандай жағдайда болсын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы керек. Сол кезде сыбайлас жемқорлықтың қоғамға төнген қаупінен құтыламыз деп санаймын.

Ж. СӘДУ
«Белкөл кентінің әкімі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтобе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтобе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

2025 жылғы –Іітоқсандағы Аламесек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажибаев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, К.Әбішов көшесі №26 үй	8(724-31)34-3-03

2025 жылғы II тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2025 жылдың 18 наурызындағы № 21 - Ө бұйрығына қосымша.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2025 жылдың II тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін	Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі, 11 үй	8 /336 22/ 7-64-11

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622)7-63-22** нөмірлі **«Сенім телефоны»** күнделікті жұмыс уақытында (9-00 ден 18-30 дейін, үзіліс 13-00 ден 14-30 дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша
2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

НАУРЫЗ – МЕРЕКЕ, НАУРЫЗ – БЕРЕКЕ

♦ЖАҢАҚОРҒАН

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорғанда «Армысың, Әз Наурыз» атты мерекелік шара өтті. Жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Сенаторлар Кеңесінің мүшесі Мұрат Бақтияруұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, аудан тұрғындары, аймақ ардагерлері қатысты. Кенттегі «Prime Park» орталық саябағына ұлттық қолөнер бұйымдары көрмесі қойылып, ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылды. Салт-дәстүрлердің тағылымы суреттелген қойылымдар көрсетілді. Іс-шара қонақтары бүлдіршіндердің тұсауын кесіп, игі тілек айтты. Аймақ басшысы тұрғындарды Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлыстың ұлы күнінде ұрпақтар сабақтастығы, достық қарым-қатынастар мен қонақжайлық салты дәріптеледі. Тереңнен тамыр тартатын құндылықтарымыз, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрі ерекше салтанат құрады», – деген болатын. Президентіміздің бастамасымен өткен жылдан бері елімізде Наурыз мейрамы 10 күн бойы тойлануда. Ұлыстың Ұлы күні Сыр жеріне толайым жаңалықтарымен келді! Биыл - еліміз, өңіріміз үшін мерейтойлар жылы! Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде аталып өтеді. Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің Сыр өңіріндегі атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге игіліктерімен, жаңалықтарымен келсін! Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болсын деп тілеймін! Әрбір шаңыраққа бақ-береке, шаттық, қуаныш орнасын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Әз Наурыз құтты болсын!», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік жиында Жаңақорған ауданының дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

♦ЖАЛАҒАШ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жалағаш ауданында Ұлыстың ұлы күніне арналған «Нұр себеле, Әз Наурыз!» атты мерекелік шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты.

Мереке қонақ күткен ауылдың қарбалас сәтін, үлкен-кіші бас қосқан жиынның, өнерпаз қыз-жігіттердің көш-керуенін бейнелеген театрландырылған қойылыммен басталды.

–Ақ қар кетті, қыс өтіп,
Шырайлы шуақ жаз жетіп,
Шаруаның бұл кенелген,
Күн мейрамы ежелден,
Құтты болсын, Наурыз!
Көтер туын Наурыздың,
Желбіресін көгімде,
Береке мен бақ қонсын,

Жалағаштай еліме!– деп ауылдың үлкені берген батаға жиылған жұртшылық түгелдей әумин десті.

Аймақ басшысы жалағаштықтарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, биылғы жылдың ерекшеліктеріне, атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті. Хәкім Абайдың 180, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100, Ұлы Жеңістің 80, Байқоңыр ғарыш айлағының 70, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы сияқты маңызды мерейтойларды тағылымы ел жадында жатталатындай етіп өткізу өте маңызды екенін айтты.

♦ АРАЛ

Аралда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Армысың, әз Наурыз!» атты мерекелік шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты. Орталық алаң Ұлыстың ұлы күніне сай безендірілген. Жиналған жұртшылық қолөнер туындылары және тарихи жәдігер қойылған көрмелерді, ұлттық ойындарды, қыз бен жігіт айтысын тамашалады. Аймақ басшысы тұрғындарды Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен жүзеге асқан Сыр өңіріндегі байыпты бастамалар мен жасампаз жобалардың маңызы зор. Былтыр осыдан екі жарым жыл бұрын 364 млрд. теңге болған облыс

бюджетін 750 млрд. теңгеден асырдық. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды. Сәулеті мен сәні келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне табысталды. Жергілікті кәсіпкерлер, осы елден шыққан меценаттар, туған жерін түлетіп, көркейтуге бар күш-жігерін салып, демеушілік көрсетті, белсенділік танытты. Алдағы уақытта да бекем бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында өңіріміздің экономикасын тұрақты дамытатын, елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы тәуелсіз елімізге, туған жерімізге толайым табыстарымен, жаңалықтарымен келсін! Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болсын деп тілеймін!», - деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік шарада "Жұмысшы мамандықтар жылына" орай Арал қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар азамат облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов құттықтау лебізін жеткізіп, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Биғали Қаюпов батасын берді.

♦ШИЕЛІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Сенаторлар Кеңесінің мүшесі Мұрат Бақтияруұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдерімен бірге Ұлыстың Ұлы күніне арналған көпшілік іс-шараға қатысты.

Аудан жұртшылығын Наурыз мейрамымен құттықтап, аймақта атқарылған, қолға алынған, алдағы уақытқа жоспарланған жұмыстарға тоқталды.

– «Баршаңызды береке мен бірліктің бастауы болған Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Президентіміздің бастамасымен өткен жылдан бері Наурыз мейрамы "Наурызнама" онкүндігі аясында тойлануда. Бұл көктем мерекесінің мазмұнын байытып, көпшілікті ортақ құндылықтар төңірегіне біріктіре түсті.

Ұлыстың Ұлы күні Сыр еліне толайым жаңалықтарымен келді! Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Өткен жылы облысымыздың бюджетін 750 млрд. теңгеден асырдық. Жергілікті кәсіпкерлер, осы елден шыққан меценаттар, туған жерді түлетіп, көркейтуге бар күш-жігерін салып, демеушілік көрсетіп, белсенділік танытты.

Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Әз Наурыз тәуелсіз елімізге, туған жерімізге молшылығымен, игілігімен келсін! Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болсын деп тілеймін! Егініміз бітік шығып, қамбамыз астыққа толсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, шаттық, қуаныш орнасын!», - деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, еңбек ардагері, Шиелі ауданының құрметті азаматы Рахим Мәуияұлы ақ батасын берді.

♦ ҚАЗАЛЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барып, Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысты.

Әйтеке би кентінің Орталық алаңында өткен шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

– «Баршаңызды жер-жаһанға шуақ нұрын шашып келген, жақсылықтың жаршысы, игі істердің бастауы Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз мерекесі Сыр жеріне толайым жаңалықтарымен келді! Биыл елімізде, өңірімізде мерейтойлар жылы десе де болады.

Былтыр Қазалы ауданы үшін де табысты жыл болды. Аудан бюджеті артып, тұрғындарды ауыз сумен, электр энергиясымен, "көгілдір отынмен", тұрғын үймен қамтамасыз ету, жол жөндеу және абаттандыру мәселелері рет-ретімен шешілуде. Баршаңызды тіршілік жаңарып, табиғат түлеген мерекемен құттықтаймын! Ұлыс оң, ақ мол болсын!», - деді Н.Нәлібаев.

Наурыз мейрамына арналған көпшілік іс-шарада аудан дамуына үлес қосқан белсенді азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов жұртшылықты құттықтады.

Ұлыстың Ұлы күнінде сәлем салу, тұсаукесер, ашамайға мінгізу және беташар дәстүрлері дәріптеліп, ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Ұлттық тағамдар әзірленіп, тал егілді.

♦ҚАРМАҚШЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшыда «Төрлет, Наурыз!» атты мерекелік шара өтті. Жиынға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты.

Орталық алаңға қолөнер және тарихи жәдігерлер көрмесі қойылып, ұлттық ойындардан сайыстар, қыз бен жігіт айтысы ұйымдастырылды. Аймақ басшысы тұрғындарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

- «Биыл - еліміз, өңіріміз үшін мерейтойлар жылы! Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы кең көлемде аталып өтеді. Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты. Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің Сыр өңіріндегі атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы. Ұлыстың ұлы күніндегі игі тілектеріңіз қабыл болсын! Істеріңіз жемісті, еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай! Әр шаңыраққа бақ-береке, шаттық, қуаныш орнасын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Әз Наурыз құтты болсын!», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы көрсеткіштерге, алда атқарылатын ауқымды жұмыстарға тоқталып өтті.

Қармақшылықтардың Табиғат-ана түлеп, тіршілік түрленген кезеңдегі барлық бастамаларына сәттілік тіледі.

ҚЫЗЫЛОРДАДА 135 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Ұлыстың Ұлы күнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласы Титов мөлтек ауданындағы 135 пәтерлік тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары арнайы қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды

Наурыз мерекесімен және қоныс тоймен құттықтады.

– «Баршаңызды береке мен бірліктің бастауы болған Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жақсылықтың, оң өзгерістердің, игі істердің, жаңару мен жаңғырудың символына айналған Әз Наурызымыз байтақ елімізге, туған жеріміз Сыр өңіріне ырыс-несібе, берекесімен келгей!

Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті.

Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің Сыр өңіріндегі атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде сәулеті мен сәні келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне табысталуда. Тұрғын үйлерді пайдалануға беру көрсеткіші бойынша өткен жылы республикада үздіктер қатарынан көріндік.

Алдағы уақытта да бекем бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында елдің игілігі мен балаларымыздың болашағы үшін жасалатын ауқымды жобалар жалғасын табады. Жеріміздің тынысы кең, еліміздің мерейі үстем, халқымыздың келешегі кемел болсын деп тілейміз! Ұлыс оң, ақ мол болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар, пәтер иелеріне қуаныш сыйлаған мердігер мекеменің қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов құттықтауын жеткізіп, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досмамбетов бата берді.

Өткен жылы мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатқа 2,5 мыңнан астам пәтер берілді. Осылайша тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті.

Биыл халықты баспанамен қамту үшін 292 пәтер сатып алуға қаражат бөлінді. Қосымша 3300-ден астам пәтер сатып алуға өтінім жолданды.

Амал күні Жаппасбай батыр көшесіндегі 60 пәтерлік тұрғын үйдің кілті иелеріне табысталды. Бүгін баспанасы апатты деп танылған 135 отбасы жаңа пәтерге ие болды.

АҚТАН БАТЫР АУЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы ауданының Ақтан батыр ауылын табиғи газға қосу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі тұрғындарды Наурыз мейрамымен, көптен күткен қуаныш ауылға “көгілдір отын” келуімен құттықтады.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

– «Ұлыстың Ұлы күні Сыр жеріне толайым жаңалықтарымен жетті!

Жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиынды Сыр елінде өткізу туралы қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Президентіміз халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті. Бұл – біз үшін зор мәртебе, Президентіміздің Сыр өңіріндегі атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қолға алынған, іске асқан байыпты бастамаларымыз бен жасампаз жобаларымыздың игілігін халық көруде.

Өткен жылы облыс бюджеті 750 млрд теңгеден асып, екі жарым жыл бұрынғы көрсеткіштің өсімін 206 пайызға жеткіздік.

Президентіміздің қолдауымен бүгінде Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілуде. Алдағы жылу беру маусымында көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су толық қосылады.

Газдандыру жобаларына 30 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды, 330 шақырым газ желілері салынды. Халықты газбен жабдықтау көрсеткіші 78 пайызға өссе, жыл соңына дейін 82 пайызға жеткіземіз.

Ал, бүгін өздеріңізбен бірге Ақтан батыр ауылын табиғи газға қосамыз. Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Ауылдарыңызға келген “көгілдір отын” халықтың тұрмыс сапасын арттырып, ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз. Бүгінгі мереке барша отбасына бақыт пен шаттық әкелсін!», - деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан алдыңғы буын ағалар мен бірқатар азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев құттықтауын жеткізді.

Биыл облыс аумағындағы барлық елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі. Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында 11 млрд. теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда.

Өткен жылы аймағымыздың жол құрылысын дамытуға 44 млрд. 703 млн. теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөндеуден өтті. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайызға жетті. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Облыс аумағындағы 216 шақырымның 151 шақырымы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Қосымша 30 шақырымына екі қабатты асфальт жабындысы төселді. Жоба биыл толық аяқталады.

Көлік-логистика саласында да жетістіктер көп. Мемлекет басшысының қолдауымен “Қорқыт Ата әуежайының” жаңа терминалы ашылды. Жобаны іске асыруға Президентіміздің тікелей тапсырмасына сәйкес “Болат Өтемұратов қоры” 16 млрд. 600 млн. теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4 млрд. 300 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы және жергілікті кәсіпкерлер демеушілігімен теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі автовокзал пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймақ қарқынды құрылыс алаңына айналды. Облыста 126 млрд. 809 млн. теңгеге 180 жобаның құрылысы жүруде.

200 ОРЫНДЫҚ ОҚУШЫЛАР ҮЙІ МЕН 50 ОРЫНДЫҚ ӨНЕР МЕКТЕБІНІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі кентінде 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің іргетасын қалау рәсімі өтті. Оған Парламент Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі Мұрат Бақтиярұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен аудан тұрғындары қатысты.

Жаңадан бой көтеретін ғимараттың бас мердігері «СПМ - Қызылорда» ЖШС нысанды биыл пайдалануға береді.

Кейінгі жылдары Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Құрылыс көлемі, пайдалануға берілген ғимараттар мен тұрғын үйлер саны еселеп артты.

«ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы», 3 ауданда 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» ел игілігіне табысталды.

«Шығармашылық академиясы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты мамыр айында аяқталады. Дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты да шәкірттерге есік ашпақ.

Биыл «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының «Жалаңаш» ауылынан 150 орындық мектеп салынады. Былтыр 3 млрд 100 млн теңгеге 8 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

Мемлекет басшысының 1 300 мектепті жаңғырту тапсырмасына сәйкес алдағы 3 жыл ішінде облыстағы 51 мектеп, оның 9-ы биыл күрделі жөндеуден өтеді.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданынына жұмыс сапары барысында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты. Рәсімде Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары болды.

Аймақ басшысы жалағаштықтарды Ұлыстың ұлы күнімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге, құрылыс, спорт салаларындағы жаңалықтарға тоқталды.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын.

Тұрғындар спортты өмір салтына айналдыру үшін осындай кешендер қолжетімді болуы керек. Ал спорт адамның денсаулығын, күш-жігерін шыңдайды. Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі» орталығы пайдалануға берілгені белгілі. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион алдағы мамыр айында ел игілігіне табысталмақ. Жақын күндері көпбейінді «Қызылорда Арена», дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады.

Жыл басынан бері Қармақшы ауданының III Интернационал, Дүр Оңғар, Сырдария ауданының Бесарық ауылдарында жаңа кешендер іске қосылған еді. Наурыз мерекесі қарсаңында дәл осындай спорт кешені күні кеше Қармақшы ауданының Ақай ауылында және Шиелі ауданының Жақаев ауылында ашылды. Бүгін Ұлыстың ұлы күнінде Жалағаш ауданындағы жаңа спорт кешенін ел игілігіне табыстаудамыз.

Баршаңызды жаңа нысанның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Осы жерде шыныққан жеткіншектер болашақта дүбірлі додаларда еліміздің, аймағымыздың намысын қорғап, көк байрағымызды биікте желбіретсін! Ұлыс оң, ақ мол болсын!», – Нұрлыбек Машбекұлы.

* * *

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қармақшы ауданына жұмыс сапары барысында Ақай ауылындағы дене шынықтыру- сауықтыру кешенінің ашылуына қатысты. Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жұртшылықты мерекемен құттықтап, мұндай кешендердің көбейгені

халықты спортпен шұғылдануға ынталандыратынын атап өтті.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз», – деген болатын. Тұрғындар спортты күнделікті өмір салтына айналдыру үшін осындай кешендердің саны артып келеді. Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында “Үстел теннисі” орталығы пайдалануға берілді. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион мамыр айында ел игілігіне табысталады. Жақын күндері көпбейінді «Қызылорда Арена», дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады. Жыл басынан бері Қармақшы ауданының III Интернационал, Дүр Оңғар елді мекендерінде, Сырдария ауданының Бесарық ауылында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылды. Дәл осындай спорт кешені күні кеше Шиелі ауданының Жақаев ауылында пайдалануға берілсе, ертең Жалағаш ауданында іске қосылады. Бүгін Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Ақай ауылындағы жаңа спорт кешенін табыстауға жиналдық. Халқымызда «Дені саудың – жаны сау» деген жақсы сөз бар. Ауыл жастарының спортпен шұғылданып, байрақты бәсекелерде, дүбірлі додаларда еліміздің, аймағымыздың атын асқақтатуына тілектеспіз. Жаңа спорт ғимараты құтты болсын! Баршаңызды жыл басы - Наурыз мейрамымен шын жүректен тағы да құттықтаймын!», -деді Нұрлыбек Машбекұлы.

* * *

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапары барысында Ыбырай Жақаев ауылындағы дене шынықтыру- сауықтыру кешенінің ашылуына қатысты. Салтанатты жиынға Парламент Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі Мұрат Бақтиярұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, зиялы қауым өкілдері, жауапты сала басшылары мен ауыл тұрғындары келді.

Аймақ басшысы жұртшылықты мерекемен құттықтап, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз», – деген болатын. Бұл бағытта облыс тұрғындарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасалуда. Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында “Үстел теннисі” орталығы пайдалануға берілді. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион салынуда. Нысан алдағы мамыр айында ел игілігіне табысталады. Жақын күндері Қызылорда қаласында көпбейінді «Қызылорда Арена», дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады.

Жыл басынан бері Қармақшы ауданындағы III Интернационал, Дүр Оңғар елді мекендерінде, Сырдария ауданының Бесарық ауылында жаңа кешендер қолданысқа берілді. Дәл осындай спорт кешені ертең екі ауданда ашылады. Бүгін Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Ыбырай Жақаев ауылындағы жаңа спорт кешенінің ашылу салтанатына жиналдық. Жаңа спорт ғимараты құтты болсын! Баршаңызды жыл басы - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!», - деді Н.Нәлібаев.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

СЫРДАРИЯЛЫҚТАР ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАСТАМАЛАР ІСКЕ АСАДЫ

Сырдария ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Армысың, әз Наурыз!» атты мерекелік шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

- **«Өздеріңізге белгілі, өткен жылы Үкімет басшысы Олжас Абайұлы Бектенов облысқа жұмыс сапарымен келіп, әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. Сырдария ауданына қарасты Бесарық ауылындағы «Ауыл аманаты» жобасының нәтижелеріне, аймақ дамуына оң бағасын берді. Бұл – бәрімізге ортақ жетістік.**

Өңіріміздегі ауылдарды дамыту бағытындағы жұмыстардың озық тәжірибесін кеңінен тарату мақсатында Нағи Ілиясов ауылында республикалық семинар-кеңес өтті. Семинарға Ауыл шаруашылығы министрі, еліміздің барлық өңірінен облыс әкімдерінің орынбасарлары, ірі шаруашылық құрылымдарының басшылары қатысты. Кеңесте аграрлық саладағы мәселелер талқыланып, өңір жетістіктері өзге аймақтарға үлгі етілді.

Негізінен аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Тереңөзек кенті, Шаған, Қоғалыкөл, Аманкелді ауылдарында 14,5 шақырым ауыз су құбыры қайта жаңғыртудан өтті. Мұнан бөлек, тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында да біршама жұмыс атқарылды. Сәкен Сейфуллин және Асқар Тоқмағанбетов ауылдары газдандырылып, аудан халқын табиғи газбен қамту деңгейі 45 пайызға жетті. Әрине, бұл – өткен жылы атқарылған және биылға жоспарланған жұмыстардың бір бөлігі ғана.

Осы жылы да аудан халқының игілігіне бағытталған бастамалар іске асады. Бастысы – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі. Істеріңіз жемісті, еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай! Әр шаңыраққа бақ-береке, шаттық, қуаныш орнасын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік шарада ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар азамат облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев құттықтау лебізін жеткізді.

"БҰЛ КҮНІ АЙТЫЛҒАН БАРЛЫҚ ТІЛЕК ҚАБЫЛ БОЛАДЫ"

Құрметті сырдариялықтар!

Баршаңызды татулық пен бірліктің, еңбек пен ырыстың жарқын мерекесі Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өткен мен бүгінді сабақтастырып келе жатқан, сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың төл мерекесі. Бұл күні жұртымыз «Наурыз келді, Самарқанның көк тасы еріді» деп қуанған. Диқандар жерін жыртып, дән ексе, ел іші бұлақ көзін ашып, ағаш еккен. Ауласын тазартып, ауылын абаттандырып, жақсы іс бастаған.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін халқымыз салтанатты түрде тойлаған. Осы қасиетті күнде адамдар бір-біріне деген реніштерін кешіріп, ырыс-береке тілеген. Бұл халқымыздың дархан, кең пейіл, достыққа берік екенінің белгісі.

Ардақты ағайын!

Сырдария ауданының халқы жылдағы дәстүр бойынша Наурыз мерекесін көтеріңкі көңілмен қарсы алып отыр. Былтырғы аудан үшін табысты жыл болды. Аудан диқандары мол өнім жинады. Басқа салалар бойынша да нәтижелі жетістіктерге қол жеткіздік. Биыл да аудан экономикасын дамыту бағытында жоспарлы жұмыстарды атқарудамыз.

«Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болады» дейді ата-бабаларымыз. Олай болса, Наурыз мерекесі құтты болып, әрбір шаңыраққа бақыт, ырыс-береке әкелсін! Бар тілектеріңіз қабыл болып, жерімізде тыныштық, елімізде молшылық болғай!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

Құрметпен,
Берік СӘРМЕНБАЕВ,
Сырдария ауданының әкімі

Сырдария ауданының әкімі Б.СӘРМЕНБАЕВ:

МЕРЕКЕНІ КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛМЕН ҚАРСЫ АЛЫП ОТЫРМЫЗ

Сырдария ауданыны қарасты Шіркейлі елді мекенінде ұлттық құндылығымызды ұлықтаған әз-Наурыз мейрамы тойланды. Мерекелік шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев арнайы барып қатысты. Сонымен қатар құрметті қонақтардың қатарында аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, Сырдария ауданының құрметті азаматы Ұлмекен Жанәлиева, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы және қоғам белсенділері бар.

Аудан басшысы ауыл тұрғындарын жер жаһанның жаңаратын, құт-берекесі мол Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтады.

– Баршаңызды жақсылықтың жаршысы, жақсы істердің бастауы болған Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – ежелден халқымыз үшін береке мен бірліктің, жаңа бағытын айқындап, жарқын бастамалар жүзеге асырылуда. Сырдария ауданының халқы жылдағы дәстүр бойынша Наурыз мерекесін көтеріңкі көңілмен қарсы алып отыр. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен барлық салада нәтижелі жетістіктерге қол жеткіздік. Бұл жұмыстар биыл да өз жалғасын табуда. «Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болады» дейді ата-бабаларымыз. Ұлыстың Ұлы күні – Сырдария жеріне толайым жаңалықтармен келсін! Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтаған Наурыз мейрамы туған жерімізге, әрбір отбасына ырыс пен ынтымақ, молшылық пен тоқшылық әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! - деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Мереке аясында киіз үй, шатыр тігіліп, ақ дастарқан жайылды. Қатысушыларға наурыз көже ұсынылып, қазақтың ұлттық тағамдары дайындалды. Ауыл тұрғындарынан

жаңару мен жасампаздықтың белгісіне айналған Ұлы даланың қасиетті мейрамы. Жаңарған Қазақ елінің ертеңі мен болашағын жалғайтын ұлттық мереке. Бұл күн – қыстан «аман шықтық» деп, ала қыстай сақтаған дәм-тұзын бір қазанға тоғыстырған, елге мерей, жұртқа мейір сыйлаған күн. Мемлекет басшысы дамудың құралған салтанатты шеру шараның көркін қыздырды.

Талантты өнерпаздар әннен шашу шашып, күмбірлетіп күй төкті. Сондай-ақ, ұлттық мерекенің сәнін ұлттық ойындар келтірді. Атап айтқанда қазақша күрес, арқан тарту, гір көтеру сияқты ұлттық спорт түрлері ұйымдастырылып, жеңімпаздарға сый-сияпат табысталды.

«ҰЛТТЫҚ КИІМГЕ» АРНАЛҒАН БІР КҮН

Сырдария ауданы орталығында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің «Ұлттық киім күніне» орай кең көлемді салтанатты шеру ұйымдастырылды. Мерекелік шеруге аудан әкімі Берік Сәрменбаев, ардагерлер, өнерпаздар мен жастар және аудан тұрғындары қатысты. Аудан басшысы жиналған жұртшылықты «Ұлттық киім күнімен» құттықтады.

– Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мейрамының аясында атап өтілетін Ұлттық киім күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – ата-бабамыздан мирас болып қалған ұлттық құндылықтарды дәріптеп, тарихи мұрамызды жаңғыртатын ерекше күн. Ұлттық киім – халқымыздың бай мәдениетінің, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарының көрінісі. Қазақ шапаны мен камзолы, сәукелесі мен тақиясы – әрқайсысы халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін асыл қазына. Бүгін ауданымызда ұлттық киімнің мәртебесін көтеріп, оның сұлулығы мен маңызын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған салтанатты шеруге жиналып отырмыз. Осы мерекеде ата-бабаларымыздан ұлттық киімімізді насихаттап жүрген барша аудан тұрғындарына алғысымды білдіремін! – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Шеруге барысында аудан тұрғындары үлкен белсенділік танытты. Олардың қатарында ақсақалдар мен әжелер, жастар мен мектеп оқушылары, өнер ұжымдары мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері болды. Ұлы Отан соғысының ардагері Яхия Тасыров жиналған жұртшылыққа батасын беріп, Наурыз мерекесімен құттықтады.

Салтанатты шеру Орталық алаңнан бастап ауданның басты көшелерін аралап. Өнерпаздар халық әндері мен күйлерін орындап, қазақ халқының бай мәдениеті дәріптелді. Әрбір қатысушы қазақтың ұлттық киімін киіп, көпшілікке қазақтың ұлттық киімдерінің әсемдігін, алуан түрлілігін көрсетті. Әйелдер ою-өрнекпен көмкерілген кимешек пен сәукеле кисе, ер азаматтар шапан жамылып, белдеріне күміс белбеу тақты. Балалар да ұлттық нақыштағы киімдерімен көзге түсті.

«АУДАРЫСПАҚ» ОЙЫНЫ ҚЫЗЫҚТЫРДЫ…

Сырдария аудандық Орталық стадион төрінде Наурызнама онкүндігі қарсаңында «Ұлттық спорт күні» кең көлемде атап өтілді. Аталған шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, облыстық мәслихат депутаттары Қайрат Нұрсейітов пен Жұмабек Ембергенов, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы және қоғам белсенділері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аудан басшысы ата-бабамыздан мұра болып қалған ұлттық ойындарды жаңғыртып, халық арасында кеңінен насихаттауға шақырды.

– Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңындағы «Ұлттық спорт күнімен» шын жүректен құттықтаймын! Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ұлттық спортпен тығыз байланысты. Ежелден келе жатқан ұлттық ойындарымыз халқымыздың ерлік пен ептілігінің, қайсарлық пен намысының мықтылығын көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Спорт дегеніміз – денсаулық, рухтың күштілігі, отансүйгіштік. Қазақ ұлттық ойындары - қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі. Олар еңбек пен рухани қызметтің



жаңғырығын біріктіреді» деп атап өтті. Бүгінгі «Ұлттық спорт күні» – бабадан қалғанасыл мұраларымызды жаңғыртуға, бұқаралық спортты дамытуға, сонымен қатар жастардысалауатты өмір салтын ұстануға шақыратын ерекше күн. Біздің атақты спортшыларымыз, ұлттық ойындарда топ жарған жерлестеріміз – ел мерейін асырып, халқымыздың намысын қорғапжүр. Қазақ күресі, көкпар, бәйге, аударыспақ, тоғызқұмалақ, асық ату сынды ұлттық спорт түрлері біздің ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі. Ұлттық спортты дамыту, оны өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау – біздің басты міндетіміз. Себебі, ұлттық ойындар – тек спорт қана емес, ол – халқымыздың рухани құндылығы, жастарымызды тәрбие мен тәртіпке баулитын маңызды құрал. Сондықтан ауданымызда ұлттық спорт түрлерін кеңінен дамытуға, жасөспірімдер мен жастардың осы спортқа деген қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Бүгінгі жарыстарда сынға түсетін барлық спортшыларға сәттілік тілеймін! Ұлттық спортымыздың мәртебесі арта берсін! – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Мерекелік шарада қазақша күрес, аударыспақ, асық ату, тоғызқұмалақ, бес тас секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Әсіресе, қазақтың қасиетті жылқы мәдениетімен тікелей байланысты аударыспақ ойыны көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді. Сонымен қатар, білекті жігіттердің арқан тартысы, мергендердің асық ату бәсекесі, жас палуандардың тартысты белдесулері, шеберлігі мен ебі жарасқан қыздардың бес тас ойыны және жас өрендердің тоғызқұмалақ ойыны көрермендерге тамаша көңіл-күй сыйлады.

Шараға жасөспірімдерден бастап, кәсіби спортшылар мен ұлттық ойын жанашырлары да қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Жарыстардың жеңімпаздары арнайы марапатталып, ұлттық спорттың керемет үлгісін көрсеткені үшін жиналған жұртшылықтың алғысы мен қошеметіне ие болды.

«ТАЗАРУ КҮНІНЕ» ОРАЙ ТАЛ ЕГІЛДІ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысумен «Тазару күніне» орай «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында тал егілді. Шараға мемлекеттік мекеме қызметкерлері, еріктілер және аудан тұрғындары белсене атсалысты. Сонымен қатар кент және ауылдық округтерде көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық шаралары ұйымдастырылды.

Тазалық жұмыстары барысында көшелер, саябақтар мен қоғамдық орындарда талдарды балақтау, шөптерді шабу, су жолдарын тазарту жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта санитарлық-тазалық жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Аудан тұрғындарын қоршаған ортаны таза ұстап, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына үлес қосуға шақырамыз!

ӨЗІНЕН КЕЙІН ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРДЫ...

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен «Руханият» орталығында «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының және Сырдария ауданының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері Алмагүл Божанованы еске алуға арналған іс-шара өтті.

Еске алу іс-шарасына қоғам қайраткері, Қызылорда облысының және Қызылорда қаласының, сондай-ақ Сырдария, Жаңақорған, Шиелі аудандарының Құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қорғанбек Қайроллаев, қоғам қайраткері Әбдіғаппар Әмірғалиев, Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысының және Сырдария ауданының Құрметті азаматы Абзал Ералиев, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы, Қызылорда қаласының және Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, білім беру саласының «Құрметті қызметкері» Райкүл Байназарова, композитор, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Рамазан Тайманов, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қатира Жаленова, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, сонымен қатар облыс, аудан ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, әріптес достары, қоғам белсенділері мен жастар қатысты. Тағылымға толы жиында құрметті қонақтар қайраткердің өмірі мен еңбегі жайлы жылы естеліктерімен бөлісіп, сыр шертті. Жиынды ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, “AMANAT” партиясы аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы жүргізіп отырды.

Аудан басшысы өнегелі өмір иесінің ауданның дамуына қосқан сүбелі үлесін атап өтті.

– 1992-1999 жылдары бұрынғы Тереңөзек ауданының әкімі болып, аудан дамуына еңбек сіңірді. Тарихта ауданды басқарған ең алғашқы әкім болды. Осы уақыттар ішінде ауданның сақталып қалуына атсалысқан бірден-бір адам – Алмагүл Божанова. 1997 жылы Президенттің Жарлығымен республикада территориялық өзгеріс болып, облыс облысқа, аудан ауданға қосылып жатты. Қызылорда облысында бір аудан қысқаратын болып, таңдау Тереңөзек ауданына түскен. Сол кезде комиссия алдында ауданды қорғап, сақтап қалды. Ғасыр құрылысы саналған Сырдария өзеніндегі үлкен көпірдің де салынуына атсалысты. Айта берсе Алмагүл Божанқызының елге атқарған қызметі көп. 1999 және 2003 жылы ол кісі облыстық мәслихаттың депутаты, хатшысы болып сайланып, өңірдің өркендеуіне үлес қосты. Өмірінің соңына дейін қоғамдық іс-шаралардың ортасында жүріп, Қызылорда облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігін басқарды. Аймақта тәрбиелі іс-шараларды ұйымдастырып, сол арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше еңбек сіңірді. Артына өшпес із қалдырды. Сондықтан мемлекет және қоғам қайраткері Алмагүл Божанованың есімі ешқашан ұмытылмайды, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

«Еңбегі мен есімі елдің мәңгі есінде» тақырыбындағы жиын барысында құрметті меймандар мемлекет және қоғам қайраткері Алмагүл Божанованың ел мүддесі жолындағы қажырлы қызметі, ауданның өркендеуіне қосқан үлесі және кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегелі істерін айтты, естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, қатысушылар қайраткердің жарқын келбеті мен парасат-пайымын еске алып, жастарды отансүйгіштікке, адал еңбек етуге шақырды.

Күйші, композитор, өнертану ғылымдарының кандидаты Гүлнар Ысқақова жылы лебізімен бөлісіп, «Күрішшілер» күйін орындап берді. Аудан өнерпаздары А.Божанованың рухына тағзым ретінде оның сүйікті әндерін орындап, ерекше әсер сыйлады.

Іс-шара барысында Алмагүл Божанқызының мұрасын дәріптеліп, туған жерінің игілігі үшін аянбай еңбек жанның есімі халық жадында мәңгі сақталатыны, алдағы уақытта мұндай игі іс-шаралар жалғасын табатыны айтылды.

АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕРМЕН КӨРІСТІ

Биылғы “Наурызнама” онкүндігінің “Амал” мерекесінде аудан әкімі Берік Сәрменбаев ардақты ардагерлердің үйіне барып, мерекемен құттықтады. Көрісу күнінде аудан басшысымен бірге аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Ұлмекен Жанәлиева және «AMANAT» партиясы аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы жүріп, құттықтауларын жеткізді.

Аудан әкімі алдымен соғыс және еңбек ардагері, 103 жастағы Яхия Тасыровпен көрісіп, құрмет көрсетті. Мұнан соң ақын, Қазақстанның Құрметті Журналисі Мұхтар Сақтаповты және еңбек ардагері, ақ жаулықты әже Құрманқүл Шаңбайқызын Наурыз мерекесінің бастауы болған Көрісу күнімен құттықтап, игі тілектерін жеткізді.

Ардақты қариялар ел бірлігі мен ынтымағының артуына тілектестік білдіріп, ақ баталарын берді.

ШАҢЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН

Наурызнама онкүндігінің «Шаңырақ күніне» орай «Руханият» орталығында орналасқан «Неке сарайында» салтанатты іс-шара өткізілді. Мерекелік шараға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов және мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов қатысты.

Шара барысында қонақтар отау құрғандарына 50 жыл толған «Алтын той» иелері Әзімжановтар отбасы мен «Маржан той» иелері Татановтар отбасының куәлік жаңартуы және жас жұбайлар Айтбайұлы Дінислам мен Бегманова Ақнұрдың неке қию рәсімдеріне куә болды. Сонымен қатар облыстық «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпаздары Есекеевтер отбасы құрмет төрінен орын алды.

Аудан басшысы сырдариялықтарды «Шаңырақ күнімен» құттықтап, отбасы құндылықтарын арттыру мен ұлттық дәстүрлерді жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті.

– Баршаңызды «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесі аясында атап өтілетін Шаңырақ күнімен шын жүректен құттықтаймын! Шаңырақ – қазақ халқы үшін қасиетті ұғым. Ол – отбасының, елдің тұтастығы мен татулығының символы. Әрбір отбасы – үлкен мемлекеттің бір бөлшегі, ал елдің мықтылығы әр шаңырақтағы береке мен бірлікке байланысты. Сондықтан бұл күн – ұрпақтар сабақтастығын дәріптейтін, отбасы құндылықтарын нығайтатын ерекше мереке. Осы айтулы күні әр шаңырақта құт-береке, ырыс пен ынтымақ орнап, ұрпақтар сабақтастығы жалғасын таба берсін! Ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, халқымыздың бірлігі мен ынтымағы арта берсін! - деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Берекесі мен мерейі асқан Есекеевтер, Әзімжановтар, Татановтар және Айтбаевтар отбасына «Шаңырақ күніне» орай аудан әкімінің мерекелік Құттықтауы мен сыйлықтар табысталды.

Шара соңында аудан өнерпаздары жиналған жұртшылыққа әннен шашу шашып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

“ТӨТЕНШЕЛІКТЕР” ТҮСІНДІРДІ

Сырдария аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері аудандағы жанар жағар май құю және газ құю бекеттерінде өрт оқиғаларының алдын алу мақсатында қауіпсіздік талаптары жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізіп, арнайы тақырыптағы үнпарақтарды таратты.

Рұқсат етілмеген бекеттерде тұрмыстық газ баллондарына газ құюға болмайтынын жеткізді. Сонымен қатар, өрт болған жағдайда тез арада 101 немесе 112 телефон нөміріне хабарласу қажет екендігін түсіндірді.

АМАЛ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен «Руханият» орталығы алдында ұлттық дәстүрімізді ұлықтайтын Амал мерекесіне арналған мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға аудан ардагерлері, ақ жаулықты аналар және аудан тұрғындары куә болды.

Аудан басшысы жиналған жұртшылықты Көрісу күнімен құттықтады.

– Амал – тек күн мен түн теңесіп, көктемнің лебі сезілетін кез ғана емес, бұл – халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан игі дәстүрі, елдің бірлігі мен татулығын арттыратын ерекше мейрам. Бұл күні ағайын-туыс бір-бірімен көрісіп, қол алысып, өкпе-назды ұмытады, бірлік пен сыйластықтың ерекше үлгісін көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа форматы – Наурызнама онкүндігі жүзеге асуда. Наурызнама онкүндігі дәл осы Көрісу күні – Амал мерекесімен басталады. Бабаларымыз «Көріспегеннің көңілі қалған» деп, араздық пен өкпені кешіріп, бір-бірін құшақ жая қарсы алған. Біз бекем бірлігімізбен келешекке нық қадам басамыз. Көрісу күні – Амал мерекесі әр шаңыраққа жақсылық пен құт-береке әкелсін! – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Мерекелік іс-шара одан әрі аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты. Талантты қыздармен жігіттер әннен шашу шашып, әкелер, әжелер ансамблі әсем әндерін қалың жұртшылыққа паш етті. Амал мерекесі аясында ұлттық ойындар ойнатылып, қолөнер шеберлерінің көрмесі, «Бауырсақ Party» ұйымдастырылды.

ҚАЙЫРЫМДЫ СЫРДАРИЯЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ

Сырдария ауданы орталығында Наурызнама онкүндігінің «Қайырымдылық күніне» орай «Наурыз мейірімі» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Бұл игі шара аясында әлеуметтік жағынан осал топтарға, көп балалы және аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіліп, үйлеріне жеткізіліп берілді.

Шараға жергілікті кәсіпкерлер, барлық мекеме қызметкерлері, белсенді азаматтар мен аудан жастары атсалысты. Олар қайырымдылық көмек ұйымдастырып, мұқтаж жандарға қолдау көрсетті.

Акция барысында арнайы азық-түлік қоржындары дайындалып таратылды. Сонымен қатар, еріктілер мұқтаж жандардың үйлеріне барып, көмек қолын созды. Бұл шара Наурыз мейрамының басты құндылықтарын – мейірімділік пен ынтымақты насихаттауға бағытталды.

«Наурыз мейірімі» қайырымдылық акциясы – ортақ жауапкершілікті арттырып, қоғамдағы жанашырлық пен өзара көмек көрсету мәдениетін қалыптастыруға бағытталған игі қадам.

КӨКТЕМДІК КӨШЕТТЕР КӨКТЕП КЕТЕР...

Наурызнама онкүндігінің «Жаңару мен жаңғыру» күні аясында Сырдария ауданы орталығында ағаш отырғызу акциясы өтті. Экологиялық акцияға аудан әкімі Берік Сәрменбаев, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, «AMANAT» патиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы және қоғам белсенділері мен аудан тұрғындары атсалысты. Олар өз қолдарымен жас көшеттер отырғызып, туған жердің табиғатын көркейтуге үлес қосты.

Жаңғырудың жаңа лебі көктемдік көшеттер «Жастар Аллеясы», «Сыр Сұлуы» паркі, «Тағзым алаңы» және ауданның барлық аймағына отырғызылды. Аудан басшысы бұл бастаманы зор ықыласпен қолдап, аудан тұрғындарын туған жердің көркеюіне үлес қосуға шақырды.

– Бүгін біз туған жерімізді көркейту мақсатында, «Жаңару мен жаңғыру» күні аясында ұйымдастырылғанағаш егу акциясына жиналдық. Бұл – тек экологиялық шара ғана емес, сонымен қатар, келер ұрпаққа жасыл желекке оранған, таза орта қалдыруға деген жауапкершілігіміздің айқын көрінісі. Табиғатты қорғау – әрқайсымыздың ортақ парызымыз. Ата-бабамыздан «Бір тал кессең, он тал ек» деген нақыл сөз бар. Ағаш егу – ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан игі дәстүр. Бүгін отырғызылған әрбір көшет ертең саялы ағашқа айналып, айналамызды көркейтіп қана қоймай, табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға үлес қосады деп сенемін, - деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Акция қорытындысы бойынша аудан аумағанда 1000-нан астам жас көшеттер егіліп, жаппай көркейту, көгалдандыру, әктеу жұмыстары жүргізілді. Аудан тұрғындарын тазалық сақтауға шақырамыз!

МАМАНДАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Димаш Байдушевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Жиынға құқық қорғау органдарының өкілдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, комиссия мүшелері және барлық ауылдық округ әкімдері «ZOOM» платформасы арқылы қатысты.

Комиссия отырысының күн тәртібінде келесідей мәселелер көтерілді:

«Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында атқарылған шаралар туралы» аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жеңісбек Төралиев, «Білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған профилактикалық шаралар туралы» аудандық білім бөлімінің басшысы Еркебұлан Жақып және Сырдария аграрлы-техникалық колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Искакова Айсұлу баяндама жасады.

Димаш Серікбайұлы өз сөзінде мәдениет және білім беру салаларында қызмет атқарып жүрген мамандардың адалдығы мен жауапкершілігін арттырудың маңыздылығын атап өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін айтты. Сонымен қатар, жемқорлықтың алдын алу мақсатында мемлекеттік органдар мен қоғам арасында өзара іс-қимылды нығайтуға шақырды.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша аудан әкімінің орынбасары тиісті сала басшылары мен мамандарына тапсырмалар беріп, тиісті шаралар қабылдау жөнінде шешімдер қабылданды.

ҚОҒАМ ДЕРТІМЕН КҮРЕСУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – баршаға ортақ міндет. Сырдария ауданында бұл бағытта кешенді шаралар қабылдануда.

Мемлекеттік органдар ұйымдастыру жұмысының сапасын арттыру арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылдан бастап барлық мемлекеттік органдарда №4 Үлгілік базалық бағыты іске қосылды.Осы ретте Үлгілік базалық бағытты аудан аумағында іске асыру мақсатында **Жобалық карта** бекітілді. Жобалық карта **4 жобаны** құрайды.

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру шеңберінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс» тақырыбыбойынша **28** мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырып, «Документолог» платформасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы цифрлық білім беру онлайн курсында**121** мемлекеттік қызметші оқудан өтіп, сертификатқа ие болды.

2024 жылы аудан әкімдігі жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиясының **4** отырысы өткізілсе, 2025 жылғы есепті кезеңде 1 отырыс өткізілді. Комиссия отырыстарында жауапты мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытында атқарылған жұмыстары баяндалып, олардың нәтижесі бойынша хаттамалық тапсырмалар беріліп, орындалуы қамтамасыз етілді.

Аудан әкімдігі жанындағы Әдеп жөніндегі уәкіл тарапынан лауазымдары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім қызметкерлермен профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. Сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Қоғамдық санада сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуді қалыптастыру» қызметі бойынша 2024 жылға жергілікті бюджеттен 3,0 млн. теңге қаржы бөлініп, жыл көлемінде профилактикалық шаралар жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жобасы бойынша жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілуде. Бүгінгі күні мемлекеттік органдармен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама» нормаларын сақтамау фактілері орын алған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс аясында аудан әкімдігіне қарасты квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша қаңтар-қазан айлары аралығында комплаенс офицерлермен барлығы **48 мәрте семинар, құқықтық оқыту** шаралары ұйымдастырылды.

Бұдан бөлек қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды күшейту мақсатында әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі 2023-2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар аясында аудан бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған **15 билборд**, **1000 дана** жадынама әзірленіп, мемлекеттік органдардың, әлеуметтік нысандардың, халыққа қызмет көрсету орталықтарының стендтеріне орналастырылды. Осы бағытта арнайы әзірленген бейнероликтер қоғамдық орындарда және әлеуметтік желілерде кеңінен таратылып, көрсетілуде.

Бұқаралық ақпарат құралдарында барлық деңгейдегі әкімдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы авторлық мақалалары жарияланды. 2024 жылы мақалалардың жалпы саны 29 мақаланы құрады.

Өткен жылы азаматтарға құқықтық көмек көрсету мақсатында **«Халық заңгері»жалпы республикалық акциясы** өткізілді. Акция барысында заңгерлер, адвокаттар мен мемлекеттік орган өкілдері тұрғындардың барлық сұрақтарына жауап беріп, заңнамалар шеңберінде көмектер көрсетті.Сонымен қатар барлық елді мекендерде халықтың құқықтық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында **«Құқықтық кабинеттер»** ашылып, қызмет көрсетуде.

Ауданда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес шаралар өз деңгейінде жүргізілуде.Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жалғасын таба береді.

Берік СӘРМЕНБАЕВ,
Сырдария ауданының әкімі

САН ЖЫЛДАР САҚТАЛҒАН САЛТ-ДӘСТҮР

Сырдария ауданының Наға Ілиясов ауылында аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен Наурызнама онкүндігінің «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне» орай «Салт-дәстүр – сан ғасырлық мұра» атты ауылдық клуб және мәдениет үйлері арасындағы аудандық фестиваль өтті. Мерекелік шараға Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, ардагер әкелер мен ақ жаулықты аналар және ауыл тұрғындары қатысты.

Фестиваль басында аудан басшысы мәдениет үйінің фойесіндегі «Қолөнер – халқымыздың асыл мұрасы» атты қазақтың ұлттық қолөнер бұйымдары көрмесімен танысты.

Жиналған көпшілікті аудан әкімі мерекемен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа форматы – Наурызнама онкүндігі бекітілді. Осы онкүндік тойдың бүгінгі күні ұлтымыздың мәдениеті мен салт-дәстүріне арналып отыр. Қазақ зиялысы Мұхтар Әуезовтың «Халықтың мәдениеті өскен сайын оның рухани өмірі де гүлденеді» деген сөзінен өркениеттің бірден-бір бастауы мәдениет екенін түсінеміз. Мәдениет – ұлттың рухани қазынасы, ал салт-дәстүр – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру дағдысы мен ұлы мұрасы. Тарихтың тереңінен тамыр тартқан ұлттық құндылықтарымыз – тіліміз, дініміз, өнеріміз, әдет-ғұрпымыз ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіліп, бүгінге жетті. Әз-Наурыз – ұлттық мәдениетіміздің айшықты мерекесі. Қазақтың кең дастарханы жайылып, үлкендер бата береді, ұлттық ойындар ойналып, өнер көрсетіледі. Мұның бәрі – дәстүрлеріміздің ұмытылмай, жаңа буынға жетуі үшін жасалған игі қадамдар. Мәдениет және Салт-дәстүр күні – ата-бабамыздан мұра болып қалған рухани құндылықтарды жаңғыртып, ұлттық мәдениетімізді дәріптейтін ерекше сәт. Қазақ халқының бай дәстүрі, әдет-ғұрпы өзіне тән ерекшелігімен айқындалып, біздің өміріміздің мән-мағынасын терең түсінуге мүмкіндік береді. Біздің міндетіміз – сол салт-дәстүрлерімізді сақтау, келер ұрпаққа насихаттау және жаңғырту. Бүгінгі мереке баршаңызға құт-береке, ізгілік пен молшылық әкелсін! – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Фестиваль барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының мәнін ұғындыратын қойылымдар сахналанып, жиналған жұртшылыққа ерекше рухани әсер сыйлады. Атап айтқанда, «Алтын кереге» тобы «Бесікке салу» рәсімін, «Ақ босаға» тобы «Тұсау кесер» рәсімін, «Шаңырақ» тобы «Қыз ұзату» салтын, «Дәстүр шуағы» тобы «Беташар» салтын және «Қазына» тобы «Селтеткізер» мен «Үйқыашар» салтын сахналық қойылым арқылы қалың көрерменге жеткізе білді.

Мерекелі іс-шара қорытындысында барлық топ аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталып, «Абзал және К» толық серіктестігінің атынан қаржылай сыйлыққа ие болды.

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҒЫНА ТЫЙЫМ БОЛМАЙ ТҰР?..

Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Димаш Байдушевтың төрағалығымен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Жиынға құқық қорғау органдарының өкілдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары, комиссия мүшелері және барлық ауылдық округ әкімдері «ZOOM» платформасы арқылы қатысты.

Күн тәртібі бойынша «Қараусыз ауыл шаруашылығы және үй жануарларына қарсы күрес бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы» аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Қанат Нұрсейіт және «Алаяқтық қылмысының, оның ішінде интернет алаяқтық қылмыстардың алдын алу шаралары туралы» ауданның полиция бөлімі бастығының орынбасары Әділхан Қанзадаев баяндама жасады.

Сондай-ақ комиссия отырысында құқық қорғау органдары мен тиісті сала басшылары да баяндама жасап, өзекті мәселелер талқыланды. Аудан әкімінің орынбасары құқық бұзушылықтың алдын алу үшін барлық тиісті мекемелердің бірлесіп, жүйелі түрде жұмыс істеу қажеттігін атап өтті:

– Былтырғы жылы аймақ басшысының төрағалығымен өткен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында алаяқтыққа, оның ішінде қаржы пирамидалары мен интернет алаяқтығына қатысты құқық қорғау органдарына кешенді әрі нақты шараларды әзірлеуді тапсырған болатын. Себебі Елімізде қазір интернет алаяқтығына тыйым болмай тұр. Технологияның тілін мықты меңгерген әккілердің құрығы ұзарып, алдап-арбау әдіс-тәсілдері күн санап мың құбылуда. Қараусыз қалған ауыл шаруашылығы және үй жануарларына қарсы күрес мәселесі де маңызды тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл мәселе тек жануарлардың өзіне ғана емес, қоршаған ортаға, адам қауіпсіздігіне және санитарлық жағдайға да үлкен әсер етеді. Бүгінгі комиссия отырысында біз осы түйіткілді мәселелердің шешу жолдарын қарастыру үшін тиісті шараларды мерзімінде және сапалы атқару мәселесін қарастырамыз, – деді Димаш Серікбайұлы.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша аудан әкімінің орынбасары құқық қорғау органдары мен тиісті сала басшыларына тапсырмалар беріп, тиісті шаралар қабылдау жөнінде шешімдер қабылданды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2025 жылғы наурыз айының 20 жұлдызындағы № 09-НҚ бұйрығымен бекітілген, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның 2025-2030 жылдарға суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтері бойынша, 2024 жылдың мамыр айының 01 жұлдызынан бастап енгізілетін жаңа тарифтердің шекті деңгейі

№ п/п	Қызмет/тұтынушы атаулары	Өлшем бірлігі	ҚҚС-сыз тарифі	ҚҚС-мен тарифі (12%)
1	2	3	4	5
I	**Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі** Орташа тариф	теңге/м³	92,56	103,67
	Халыққа	теңге/м³	69,42	77,75
	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	теңге/м³	69,42	77,75
	Бюджеттік мекемелерге	теңге/м³	174,74	195,71
	Тұтұнушылардың басқа топтарына	теңге/м³	174,74	195,71
II	**Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі** Орташа тариф	теңге/м³	124,72	139,69
	Халыққа	теңге/м³	67,39	75,48
	Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға	теңге/м³	124,72	139,69
	Бюджеттік мекемелерге	теңге/м³	209,65	234,81
	Тұтұнушылардың басқа топтарына	теңге/м³	209,65	234,81

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Предельные уровни тарифов ГКП на ПХВ «Кызылорда су жуйеси» на 2025-2030 гг. по услуге подача воды по распределительным сетям, отвод и очистка сточных вод, утвержденные Приказом Департамента комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области № 09-ОД от 20 марта 2025 года, вводимые 01 мая 2025 года

№ п/п	Вид услуги	Ед. изм.	Тарифы без НДС	Тарифы с НДС (12%)
1	2	3	4	5
I	**Услуга по подаче воды по распределительным сетям** Средний тариф	тенге/м³	92,56	103,67
	для населения	тенге/м³	69,42	77,75
	для предприятий в сфере теплоэнергетики	тенге/м³	69,42	77,75
	для бюджетных организаций	тенге/м³	174,74	195,71
	тариф для прочих потребителей	тенге/м³	174,74	195,71
II	**Услуга по отводу и очистки сточных вод** Средний тариф	тенге/м³	124,72	139,69
	для населения	тенге/м³	67,39	75,48
	для предприятий в сфере теплоэнергетики	тенге/м³	124,72	139,69
	для бюджетных организаций	тенге/м³	209,65	234,81
	тариф для прочих потребителей	тенге/м³	209,65	234,81

Тарифы на оказываемые услуги ГКП на ПХВ «Кызылорда су жуйеси», согласно приказа Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК Кызылординской области № 09-ОД от 20 марта 2025 года, вводимые 01 мая 2025 года

Наименование потребителя	Ед. изм.	Норма водопот в сутки	ТАРИФ за 1 м3 с НДС 12% (тенге)		Сумма оплаты за каждую услугу в месяц (тенге)		Общая сумма в месяц (тенге)
		(л)	вода	кан-я	вода	кан-я	
Разбор воды из уличных колонок	1 чел/ сутки	40	138,84		166,31		166,31
Жилые дома с водопроводом без канализации	1 чел/ сутки	100	138,84		422,07		422,07
Жилые дома с водопроводом и канализацией без ванн	1 чел/ сутки	120	138,84	67,39	506,77	245,97	752,74
Жилые дома с централизованным водоснабжением и канализацией оборудованные ваннами и душами (многоэтаж.застройка)	1 чел/ сутки	200	138,84	67,39	844,15	409,73	1253,88
Норма потребления воды в жилых домах централизованным водоснабжением и канализацией, оборудованные ваннами и душами с централизованным горячим водоснабжением	1 чел/ сутки	260	138,84	67,39	1097,95	533,05	1631,00

ЕЛДІ КӨРКЕЙТУДЕ

ӘКІМДЕРГЕ ДЕ ЖАРАСАДЫ